**"Инвестициялар туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 43-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңын және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңын (бұдан әрі - Заңдар) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған "Инвестициялар туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспар тармақтарын орындауға жауапты мемлекеттік органдар белгіленген тәртіппен Жоспарға сәйкес тиісті қаулылар жобаларын дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен бұрын қабылданған ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Заңдарға сәйкес келтірсін және осы актілерден туындайтын өзге де іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 28 наурыздағы
N 43 өкімімен
бекітілген

**"Инвестициялар туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша**

**өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

```
------------------------------------------------------------
Р/с!        Актінің атауы      !Жауапты орындаушылар!Орындау мерзімі
N    !                                    !                              !
------------------------------------------------------------
1.                    Қазақстан         Республикасының
                              Үкіметі        қаулыларының
                          жобаларын       әзірлеу       және
  енгізу:
     1) Инвестициялық              Индустрия және сауда   2003 жылғы
     преференцияларды ұсынуға   министрлігі                31 наурызға
      арналған модельдік            Экономика және            дейін
          келісім-шартты  бекіту              бюджеттік  жоспарлау
        туралы                                       министрлігі
                                                   Әділет  министрлігі
                                                   Қаржы  министрлігі
                                                 Еңбек  және  халықты
                                                  әлеуметтік  қорғау
                                                       министрлігі
                                                   Қоршаған  ортаны
                 қорғау министрлігі
    2) Қазақстан                     Индустрия және сауда    2003 жылғы
     Республикасы Үкіметінің     министрлігі                 31 наурызға
      2002 жылғы 12 қыркүйекте. Экономика және             дейін
         гі  N  996  және  2002  жылғы   бюджеттік  жоспарлау
           18   карашадағы   N   1220             министрлігі
           қаулыларына   өзгерістер          Әділет   министрлігі
                   және     толықтырулар     енгізу
  туралы
     3) Қазақстан Республи.      Индустрия және сауда     2003 жылғы
     касының Индустрия және      министрлігі                31 наурызға
      сауда министрлігі              Экономика және             дейін
           Инвестициялар   жөніндегі        бюджеттік   жоспарлау
               комитетінің     мемлекеттік            министрлігі
            органдардың   мамандарын,         Әділет   министрлігі
          консультанттар   мен                Қаржы   министрлігі
```

| | | |
|---|---|---|
| сарапшыларды тарту ережесін бекіту туралы | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі<br>Қоршаған ортаны қорғау министрлігі<br>Кедендік бақылау агенттігі | |
| 4) Қызметтің кіші түрлерінің жіктеушісі деңгейінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін бекіту туралы | Индустрия және сауда министрлігі<br>Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі<br>Әділет министрлігі<br>Қаржы министрлігі<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі<br>Көлік және коммуникациялар министрлігі<br>Қоршаған ортаны қорғау министрлігі<br>Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі<br>Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі<br>Білім және ғылым министрлігі<br>Денсаулық сақтау министрлігі<br>Туризм және спорт жөніндегі агенттігі | 2003 жылғы 31 наурызға дейін |
| 5) Инвестициялардың ең жоғары көлемдерін және инвестициялық преференцияларды ұсынатын уәкілетті орган инвестициялық | Индустрия және сауда министрлігі<br>Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі<br>Әділет министрлігі | 2003 жылғы 31 наурызға дейін |

салық преференцияларының қолданылу мерзімін бекіту туралы | Қаржы министрлігі

| | | |
|---|---|---|
| 2. Мынадай бұйрықтарды әзірлеу және қабылдау: | Индустрия және сауда министрлігінің | 2003 жылғы 5 сәуірге дейін |
| 1) Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына қойылатын талаптар туралы; | Инвестициялар жөніндегі комитеті Әділет министрлігі | |
| 2) Инвесторлардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері туралы | | |

---------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК